



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӨҮЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ  
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»  
INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

## ЕСЕП

Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы

0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 050801 2 «Аспаз», 050802 2 «Кондитер», 050803 2 «Калькулятор», 0516000 «Қаржы (салалар бойынша)», 051605 3 «Қаржы жұмыстары бойынша экономист»  
«Ақмола облысының білім басқармасының жаңындағы «Шағалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледж» «Мемлекеттік комуналды қазыналық кәсіпорын»

2018 жылдың «02» қазаннан «04» қазан аралығында

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘҮЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
*Сыртқы сараптама комиссиясы*

*APTA Аккредиттеу  
кеңесіне жолданады*



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**ЕСЕП**

**Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясының жұмыс нәтижелері туралы**

**0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 050801 2 «Аспаз», 050802 2 «Кондитер», 050803 2 «Калькулятор», 0516000 «Қаржы (салалар бойынша)», 051605 3 «Қаржы жұмыстары бойынша экономист»**

**«Ақмола облысының білім басқармасының жаңындағы «Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледж» «Мемлекеттік комуналды қазыналық кәсіпорын»**

**2018 жылдың «02» қазаннан «04» қазан аралығында**

**Шагалалы ауылы**

**«04» қазан 2018 жыл**

## **KIPIСПЕ**

Акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 25.09. 2018 жылғы бұйрығына сәйкес Ақмола облысының білім басқармасының жаңындағы «Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжінде» МКҚҚ сырттай сараптау комиссиясы 2018 жылдың 2-4 қазан аралығында АРТА мамандандырылған акредиттеу стандартына колледж қызметі және білім беру бағдарламаларының сәйкестігін бағалау жұмысы жүргізілді.

Колледж қызметінің АРТА стандарттау критерилеріне сәйкестігінің бағасы Сыртқы сараптау комиссиясы (одан әрі ССК) есебінде жазылған, Ақмола облысының білім басқармасының жаңындағы «Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжі» МКҚҚ қызмет профелінің параметрлері бойынша және колледж қызметін одан әрі жетілдіру жөнінде ССК ұсыныстары бар.

### **ССК құрамы:**

- **Комиссия төрағасы** – Уалханов Байжан Нурбаевич, «Кәсіпқор» Холдингінің тренері, т.ғ.к., доцент;
- **Шетел сарапшысы** – Овчаренко Ольга Григорьевна, «Ресей Федерациясы Президентінің жаңындағы мемлекеттік қызмет және халық шаруашылығы Ресей Академиясының» Омбы филиалының әдістемелік және оқу ісі жөніндегі филиал директорының орынбасары» (Ресей Федерациясы, Омбы қаласы);
- **Сарапшы** – ИсахановаНургұльГазизовна, «Жаяу Мұса атындағы Ақсу колледжінің»МКҚҚ оқу ісі жөніндесі басшының орынбасары. (Ақсу қ.)
- **Сарапшы** - КошановаАйманДулатовна,Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінің жаңындағы Аграрлық колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары (Алматы қ.)
- **Сарапшы** - Черемисин Анатолий Валерьевич, «Солтүстік Қазақстан кәсіби-педагогикалық колледжі» МКҚҚ техникалық бөлім менгерушісі. (Петропавл қ)
- **Сарапшы** - ТотинайтмагамбетКойшыбаевич, «Әулиекөл ауылшаруашылық колледжі» МКҚҚ «Фермер шаруашылығы» бөлімінің менгерушісі (Қостанай обл.)
- **Сарапшы** - Белекбаева Лаура Кадырхановна, «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы (Балқаш қ.).
- **Сарапшы** - Тусупов Ержан Бейсенович, «Политехникалық колледж» МКҚҚ арнайы пәндер оқытушысы (Астанақ.).
- **Сарапшы** - Аверина Ильмира Гаптулхановна, «Машина құрастыру колледжі» КМУ арнайы пәндер оқытушысы (Петропавл қ.)
- **Агенттік бақылаушысы** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТА ТжКО мекемелерін аккредиттеу бойынша жоба жетекшісі (Астана қ.);
- **Жұмыс беруші** - Дюсилекова Галия Куанышевна, «Кенесары - Астық» ЖШС өндірістік-техникалық зертхана менгерушісі (Ақмола облысы);
- **Студент** - Пятигорный Александр Иванович, «Құрылым-техникалық колледжі» МКҚҚ 2-ші курс студенті (Көкшету қ.).

## **(I) БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ**

Ведомства қарауында: Ақмола облысының білім басқармасы.

Иелік формасы: мемлекеттік комуналды қазыналық кәсіпорны.

Лицензия № **KZ54LAA00011548**, берілу мерзімі 19 қыркүйек 2013 жыл, Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министерлігінің ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетінің Ақмола облысының білім саласын бақылау бойынша Департаменті» ММ білім беру қызметі үшін берген. Колледждің заңды мекен-жайы: 021231, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Шағалалы ауылы, Школьный ықшам ауданы, тел (факс) 87163224147, электронды пошта адресі: [Agrobiznessa@rambler.ru](mailto:Agrobiznessa@rambler.ru), веб-сайт: <http://pt0002.zerenda.akmoedu.kz>

2013 жылғы 19 қыркүйекте шығарылған KZ54LAA00011548 мемлекеттік лицензиялық нөміріне және оның қосымшаларына сәйкес.

Мамандар күндізгі және сырттай оку түрінде оқиды, оқыту тілі - қазақ, орыс.

2017-2018 оку жылдарынан 1 қыркүйегінде колледждің жалпы контингенті 721 адам, мемлекеттік тапсырыс бойынша 572 оқушы, ақылы негізде 149 студент болды.

Колледж әлеуетті жұмыс берушілермен ынтымақтастықты дамыту үшін белсенді жұмыс жасайды.

Екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды:

- «Неміс Аграрлық Орталығымен» келісімшартқа сәйкес, кәсіпорын ауыл шаруашылығы мамандықтары үшін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, педагогикалық кадрларды дайындық деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз етеді;
- «AgrimerAstyk» ЖШС-мен жасалған меморандум тәжірибе үйымдастыру мәселелерін шешуге ғана емес, сонымен қатар «Элеватор, ұн, жарма және құрама жем өндірісі» мамандықтары бойынша бакалаврларды даярлауға мүмкіндік береді.

Барлығы 38 стратегиялық серіктестік туралы келісімшарт жасалды.

Өндірістік және технологиялық тәжірибелі үйымдастырған кезде, колледж кәсіпорындармен, қалалар мен облыстардың үйымдарымен келісімдер жасайды. Осылайша, «Агрономия» мамандығының студенттері ЖШС жолдама алады, облыстың агрокұрылымдарына, «Элеватор, ұн, жарма және құрама жем өндірісі» мамандық студенттері - «Agrimer -Astyk» ЖШС, «Ақмола - Бидай» ЖШС, «Зеренді ХПП» ЖШС, «Көкшетау ХПП» ЖШС, «КөкшетауМельИнвест» ЖШС; «Тамақтануды үйымдастыру» мамандықтарының студенттері – «Зерен -Нұр» демалу орталығы» ЖШС, « AuroraGarden» ЖШС, ЖК « Аубакиров С.Г.», ЖК «Трубицына И.Л.», ЖК «Кадралин О.Д.» және т.б. «Электрмен жабдықтау (сала бойынша)» мамандығының студенттері - «Көкшетау-Энерго» ЖШС филиалдары, «Эль-Нур-Сервис» ЖШС, «Жерге орналастыру» мамандығының студенттері - «Ақмола облысының азаматтарына арналған мемлекеттік корпорацияның» жер бөлімшелерінде облыстың аудандарымен, «Қаржы (салалар бойынша)» мамандығының студенттері - ЖШС-де және облыстың қаржы мекемелеріне.

Білім беру үрдісін қалыптастыратын материалды-техникалық база, Ақмола облысының білім басқармасының жаңындағы «Шағалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжі» МКҚК жекеменшігі болып табылады. Оның құрамына: екі оку корпусы, кітапхана, 30 орындық оку залы, медициналық пункт, спорттық-сауықтыру залы, екі жатақхана, оку автоматтық полигоны, ауданы 1068,1 гектарды қамтитын жер кіреді. Спорт стадионы, жасанды шөпті шағын волейбол алаңы, 120 орынга арналған асхана, 240 орындық акт залы бар. 44 кабинетте 7 мультимедиялық проекторлар және 6 интерактивті тақталар, 50 компьютер орнатылған. Электрлік және газды дәнекерлеушілер мен электриктерді дайындау бойынша практикалық сабактарға арналған мобиЛЬДІ оку орталығы бар.

Оку ғимараттары, жатақханалары, асханада, колледждің іргелес аумағында студенттердің қауіпсіздігі үшін 52 бейнебақылау камерасынан тұратын бейнебақылау жүйесі орнатылды.

Мекемеде төрт бөлім жұмыс атқаруда: күндізгі (агротехникалық, электрлендіру және жерге орналастыру, сервистік және техникалық) және сырттай оку.

### **1 кесте- мамандықтар бөлімінде білім қызметі**

№	Шифр	Мамандық атаяу	Оку мерзімі
1	<b>0508000</b>	<b>Тамақтандыруды үйымдастыру</b>	
	050801 2	Аспаз	2 жыл 10 ай

	050802 2	Кондитер	
	050803 2	Калькулятор	
2	<b>0516000</b>	<b>Қаржы (салалар бойынша)</b>	
	051605 3	Қаржы жұмысы бойынша экономист	1 жыл 10 ай

## **АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

Ақмола облысының білім басқармасының жанындағы «Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжі» МКҚК ТжКО мекемелерінің мамандандырылған акредиттеу үрдісінен алғаш өтуде.

### **ССК сапарын сипаттау**

ССК жұмысы «Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларын мамандандырылған акредиттеу сарапшы комиссиясының талаптарының Бағдарламасы ескеріле отырып 2018 жылдың 2-4 қазан аралығында өткізілді.

ССК колледждегі жұмысын үйлестіру мақсатында комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөлу үшін жиналыс өткізілді, тексеріс кестесі анықталды, белгіленген нақты кезеңі сақталып, сараптама әдістерін таңдау туралы келісім жасалды.

Сапардың белгіленген бағдарламасына сәйкес ССК мақсатты топтарымен кездесуі өткізілді.

«Шагалалы ауылы, Жоғары агротехникалық колледжі» МКҚК ұжымының тарапынан сапар бағдарламасындағы барлық тұлғалардың болуы қамтамасыз етілді

Колледждің білім беру бағдарламалары мен бүкіл инфрақұрылымының сапасы туралы объективті ақпарат алу үшін, өзін-өзі бағалау туралы есептердің мазмұнын түсіндіру үшін колледж директоры, директордың ОІ орынбасары, директордың ТІ орынбасары, директордың ОТІ орынбасары, директордың ОӘІ орынбасары, директордың ӘШБ орынбасары, бөлім басшылары, ӘБ төрагалары, бас бухгалтер, кадр бөлімінің менгерушісі, әдіскер, психолог, медицина қызыметкері, әлеуметтік педагог, Орталық комитет төрагалары, кітапхана менгерушісі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері, студенттер, тұлэктер, әлеуметтік серіктестер және студенттердің ата-аналарымен кезесулер үйімдастырылды. Барлық кездесулерге 160 адам қатысты.

ССК жұмыс кезінде колледждің инфрақұрылымының визуалды көрмесі өткізілді:

Оқу аудиториялары, мобиЛЬДІ оқу орталығы, компьютерлік салынштар, кітапхана, оқу залы, акт залы, өндірістік шеберханалар, спорт залы, 2 жатақхана, медициналық орталық, дәмхана, асхана бар.

Сондай-ақ, аккредиттелген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедраның құжаттамасын зерттеді.

0508000 «Тамақтандыруды үйімдастыру» мамандығының тәжірибе алаңына барды: 32ОП тобының.

«Aurora Garden» ЖШС тәжірибе алаңына барған уақытта 4 адам құрамындағы 3-ші курс студенттері оқу үрдісінің кестесін сәйкес осы мекемеде Ергаш Ораз Мұрат бас-аспазшының жетекшілігімен тәжірибе өтіп жатты.

«Aurora Garden» ЖШС – і отбасылық демалу орталығы болып табылады. Осы мекеменің мамандары студенттерді болашақ мамандықтары бойынша жұмыс істеуге үйретеді және еңбек тәрбиесіне көңіл бөледі. Тәжірибе алаңын талдау «Aurora Garden» ЖШС-інің жабдықтары заман талабына сәйкес келетінін көрсетті.

«Алдар-Көсе» (ЖК «Кадралин О.Д.») кафесіндегі тәжірибе алаңына барған уақытта 3 курстың 7 студенті Коверникова Светлана Анатольевна бас аспазшының жетекшілігімен тәжірибе өтіп жатты. Светлана Анатольевна студенттердің колледжде алған теориялық білімі тәжірибеге көмектесетінін айтты, бірақ студенттерге әлі де тәжірибе жетпейтінін қости.

«Astory» мейрамханасындағы тәжірибе алаңына барған уақытта 3 курстың Новичков Михаил Васильевич бас аспазшының жетекшілігімен тәжірибе өтіп жатты. Михаил Васильевич студенттер колледжде менгерген теориялық білімнің тәжірибеде көмегі тиіп жатқанын атап өтті.

«Зерен-Нұр» демалу орталығындағы тәжірибе алаңына барған уақытта 3 курс студенті Горовая Екатерина оқу кестесіне сәйкес Эсанов Музафар бас аспазшының жетекшілігімен тәжірибеден өтіп жатты.

«Зерен-Нұр» Директоры Нуржанов Сабыржан Булатұлы ССК мекеменің материалды-техникалық қорымен таныстырыды және 2015 жылдан бастап колледжben серіктес екендігін, жыл сайын «Шагалалы а., Жогары агротехникалық колледждің» 4-5 студенті «Зерен -Нұр» тәжірибе алаңында тәжірибеден өтетіндігін айтты.

Сонымен қатар ССК жұмыс берушілерден кәсіпорындардың студенттердің тәжірибеден өту мерзіміне жұмыспен қамтуымен қатар оқу бағдарламалары мен жоспарларын түзетуге де қатысатындығы туралы дәлелдемелер алды. Кәсіпорын басшылығы түлектердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы кезінде білікті мамандарды комиссия қатарына жібереді. Колледж қызыметкерлері кәсіпорындарда тағылымдамадан өтеді.

ССК мүшелеі аккредиттегітін білім беру бағдарламалары бойынша құрастырылған оқу сабактарына кірді.

0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша 22-ОП тобына «Шикізат өнімдерінің шығымдылығы, жартылай фабрикаттар мен көкөністерді, санырауқұлақтарды, жемістерді, жидектерді, жанғақтарды өңдеуге дайын өнім шығару нормалары» тақырыбында «Есеп және есептеу» пәні бойынша сабакта қатысты.

Сабакты Мария Сатаева жүргізді, тізімдегі 16 оқушының 12-і сабакта қатысты. Кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Бағдарламалар жеке жоспарға толығымен сәйкес келеді. Студенттер карточкалық тапсырмалар бойынша есептеулер жүргізді.

«Салық» («Налоги») пәні бойынша 31-каржы тобының, оқытушы Махамбетова Д.С. сабакына қатысты. Сабак №17, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес өткізілді, сабактың түрі практикалық, өткізу түрі фронталды, қолданылатын әдістер ауызша, көрнекі.

21 қаржы тобының «Бухгалтерлік есеп және аудит» («Бухгалтерский учет и аудит») пәнінен сабакына қатысты, оқытушы А.Ж.Султанова. Сабак тақырыптық-күнтізбелік жоспарлауға сәйкес өткізілуде, сабактың түрі - жаңа материалды зерттеу, өткізу түрі - фронталді, қолданылатын әдістер - ауызша, көрнекі.

Сабактарға қатысады талдау педагогикалық ұжымның жақсы сапалы екендігін көрсетеді, теориялық оқыту қажетті деңгейде. Сабакта оқытушылар заманауи оқыту технологияларын қолданады.

ССК жұмысы үшін барлық жағдай жасалынды, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға коллежтімділік жасалды.

ССК құрастырылған жоспарлы түрде әзірленген колледж жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныс бағдарламасы басшылықпен кездесуде ұсынылды.

АРТА ССК мүшелерінің сапары уақытына жоспарланған іс-шаралар сәйкес колледждің өзін-өзі бағалау есебінде жазылған мәліметтерді мамандандырылған аккредитация стандарттарының критерилерімен тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Колледждің қызыметін Тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне егжей-тегжейлі талдау және рейтинг, ССК Колледждің сапары бағдарламасының шенберінде стандарттар түрғысынан келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

## **(II) МЫҚТЫ ЖАҚТАР/ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК**

### ***6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»***

- ТжКБ-ны ұйымдастыру ББ-ны дамыту жоспарын әзірлеуді, оның мемлекеттің, мұдделі тараптардың және студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.
- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарының бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және Қазақстан Республикасының білім беру саясатына сәйкестігін қамтамасыз етеді.
- ТжКБ ұйымы студенттерге, қызыметкерлерге және мұдделі тұлғаларға ақпарат пен кері байланыс жүйесінің тиімділігі мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- ББ басшылығы білім беру бағдарламаларын басқару жүйесінің ашықтығын күэландырады.
- ББ басшылығы оқытушылар мен ата-аналар, педагогикалық ұжымның ашықтығы пен қол жетімділігін көрсетеді.

## **6.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»**

- ТЖКО мекемесі білім беру бағдарламасының жасаған түлек моделінің бар екендігін көрсетеді, оның білімі, дағдысы, басазыл және мамандығы бойынша құзіреттілігі және жеке қасиеттері бар.
- ТЖКО үйімі түлектердің негізгі және кәсіптік құзыреттерін қалыптастырудың пәндер, өндірістік оқыту және кәсіби практиканың әсер етуі, сондай-ақ оку пәндерінің өзара байланысы, мазмұны, логикасын анықтайды
- Білім беру бағдарламасының құрылымы әртүрлі іс-шараларды қөздеуі тиіс, оның мазмұны оқушылардың негізгі және кәсіптік құзыреттіліктерін дамытуға, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ықпал етеді
- ББ басшылығы оқу тіліне қарамастан, студенттерге тен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді
- ББ басшылығы студенттердің жеке көмек көрсету жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және білім беру процесіне студенттердің кеңес беруін қамтамасыз етуді керек.
- ББ басшылығы ББ жүзеге асыру барысында оқушыларды жеке қолдау бар екендігін көрсетеді.
- ББ басшылығы оқушылардың жетістіктерін көрсететін мониторинг жүйесінің бар екендігін көрсетеді
- ББ басшылығы оқушылардың нәтижелерін бағалауда және студенттердің негізгі және кәсіби құзыреттілігін дамыту дәрежесіндегі объективтілікті қамтамасыз етуге, оларды бағалау құралдарының және механизмдерінің ашықтығы мен сәйкестігін қамтамасыз етеді
- білім алу нәтижесінің бағалану критерилері мен үрдісі ашық;
- ББ басшылығы студенттердің мамандықтары / біліктілігі бойынша кәсіби даярлықтан өтуге және кәсіби практиканан өтуге мүмкіндік береді және студенттерді мониторинг жүргізеді және жұмыс берушілердің кәсіпорындарының басшыларын қанағаттандыруды қадағалайды.

## **6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және тиімді білім беру»**

- ББ басшылығы білім беру бағдарламасының ерекшелігіне педагогикалық ұжымның кадрлық құзіреттілігінің сәйкестігін көрсетуде.
- ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы қоғамға ақпараттың қол жетімді екендігін көрсетеді;
- ББ басшылығы педагог қызметкерлердің мониторингін қамтамасыз ету, педагогтардың құзыреттілігін жүйелі бағалау, оқытудың сапасын кешенді бағалау
- Педагогтардың жұмыс жүктемесі түрлі іс-шараларды қамтуы керек. ББ басшылығы жоспарланған жұмыс мөлшерінің барлық түрлерінің мұғалімдерінің орындалуын дәлелдеуі керек.
- ББ басшылығы жас мұғалімдерді дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтамасыз етуді керек
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қоғамдық өмірге қатысуын қамтамасыз етеді

## **6.4. Стандарт «Білім алушы»**

- ББ басшылығы оқушыларының контингентін қалыптастыру және оның рәсімдерінің ашықтығы саясатын көрсетуі керек;
- ББ басшылығы түлектерді жұмыспен қамтамасыз етуге және олармен байланыста болуға максималды күш жұмсауы керек.
- ББ басшылығы негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білімін жетілдіруге ынталандыру керек (сыныптан тыс қызмет шенберінде)
- ББ басшылығы оқушылардың пікір алмасу және айту мүмкіндігін беру керек
- ББ басшылығы оқушылардың ТЖКО үйімінің қызметімен, жеке қызметтермен қаншалықты қанағаттануын қадағалау механизмін құруы керек.
- ББ басшылығы оқытудың нәтижелерін бағалау нәтижелері туралы ақпарат беруді қоса алғанда, кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек

## **6.5. Стандарт «Білім беру бағдарламаларының іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар»**

- ББ басшылығы студенттерге оқытылатын пәндер бойынша құрылымдық, ұйымдастырылған ақпараттың максималды қолемін қамтамасыз етуі керек: мысалы, презентациялық материалдар, лекциялық жазбалар, міндettі және қосымша әдебиеттер, практикалық тапсырмалар және т.б.
- ТЖКБ ұйымы материалдық-техникалық ресурстардың даму динамикасын және ББ-ның ақпараттық қолдауын бағалауды тиіс7
- Компьютерлік сыйыптардың, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафондық кабинеттердің қажетті болуы

### **6.6. Стандарт «Жеке мамандықтар стандарты» »**

- ББ мақсаты мен нәтижесі окушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие нақты дағдыларды игеруіне бағытталған;
- ББ басшылығы бағдарламаның түлектері нарықта шынымен те сұранысқа ие екендігін көрсетеді;

## **(II) САПАНЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ**

### **6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»**

- ББ даму және іске асу мониторингін әрдайым қадағалау механизмін құрастыру;
- ТЖКО жүйесін реттейтін, нормативті-құқықтық талаптарды ескере отырып білім беру үрдісін ұйымдастыру бойынша жұмысты қүшету;
- Қызметтің негізгі көрсеткіштерін (қызметкерлердің КРІ) бағалауды тиімді және тиімді пайдалану көрсеткіштерінің жүйесін әзірлеу және белсенді пайдалану.

### **6.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»**

- теориялық оқу журналын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында білім беру ұйымдары қолданатын қатаң есептілік құжаттардың нысанын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес қалыпқа келтіру;
- КР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 21 қантардағы № 50 бұйрығына сәйкес екі жақты оқытуға арналған ОМ құжаттамасының кешенін қалыпқа келтіру;
- мұдделі тараптардың мұдделерін есепке ала отырып, білім беру бағдарламаларының езгеру тиімділігін талдау және мазмұнды жаңарту бойынша жұмысты жүйелендіру;
- колледж басшылығына арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білім берудің ИПЖ колледжінің профильдеріне сәйкестігін ескере отырып, оқу жүктемесін бөлуді бақылауды қүшету.

### **6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және тиімді білім беру»**

- білім беру бағдарламаларының сапасын жоғарылату үшін тәжірибелі мамандарды шақыру мүмкіндігін және олар оқытын арнайы пәндердің үлесін анықтауды қамтамасыз етеді;
- оқыту сапасын жоғарылату, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жетілдіру, біліктілікті жоғарылату бойынша іс-әрекеттерді жүйелеу және оқытушылар құрамын аттестациялау мақсатында әдістемелік жұмысты жетілдіру;
- инновациялық білім беру технологияларын қолдану бойынша педагогикалық және әдістемелік дағдыларды жетілдіру және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу саласындағы халықаралық ынтымақтастық мүмкіндігін көздейту;
- Уш тілде білім беруге біртіндеп көшуіне байланысты ИПЖ үшін ағылшын тілінде тегін сабактар өткізу мүмкіндігін қарастыру;
- арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқу шеберлерінің мамандық профилінде тәжірибе ұйымдастыру бойынша жұмысты қүшету.

### **6.4. Стандарт «Білім алушылар»**

- студенттерді сактап қалу себептерінің анықталған жағдайды ескере отырып, контингент қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін әзірлейді.

#### **6.5. Стандарт «Білім алу бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар»**

- Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары туралы заңнамасының санитарлық-эпидемиологиялық нормаларына және талаптарына сәйкес білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаны жаңғырту бойынша жұмысты жалғастыру;
- колледждің веб-сайтын жаңарту бойынша жұмыстарды күшейту;
- оқу бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру үшін дараланған интерактивті білім беру ресурстарын, сондай-ақ оқу материалдары мен тапсырмаларын толықтыруды жалғастыру;
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу электрондық оқулықтар мен оқу құралдарының қорын толықтыруды жалғастыру;
- педагогикалық қызметкерлер мен студенттерді жоғары жылдамдықты интернетке көшуді білім берудің онлайн-ресурстарына еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету.

#### **6.6. Стандарт «Жеке мамандықтар боліміндегі стандарт»**

- мамандандырылған кәсіпорындарда жекелеген сабактар тар немесе толық пәндерді өткізу мүмкіндігі қарастырылады.

### **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ДАМЫТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ**

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен жүзеге асырылған бірегей жобаны іске асыру үшін тілдердің ұштұғырлығы, көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың тиімділігін бақылап, жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті және лингвистикалық мәдениетке ие түлекті қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа білім беру үлгісін құру.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында «Ақмола облысының білім басқармасы жаһындағы «Шагалалы ауылында, Жоғары агротехникалық колледж» Мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорын» шет елдердің оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту және кеңейту бойынша бағдарлама әзірлеу және енгізу ұсынылады.

**ӨЗИН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

№ р/с	Бағалау өлшемдері	Білім үйимының үстанымы			
		Күшті	Канагаттанарлық	Жаксартуды қажет етеді	Канагаттанарлықсыз
<b>Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»</b>					
1	ТжКБ үйимы ББ дамыту жоспарын әзірлеуін, оның мұдделі тұлғалар, білім алушылар мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді	+			
2	ТжКБ үйимы ББ даму жоспарының колда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттілігіне және КР білім беру саясатына адекваттығын қамтамасыз етуі қажет		+		
3	ТжКБ үйимы ББ даму жоспарын қалыптастыруға мұдделі топтардың өкілдерін, соның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді тартуы қажет		+		
4	ТжКБ үйимы ББ даму жоспарын қалыптастыру үдерістерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ үйимы мұдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру үдерістері жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етеді		+		
5	ТжКБ үйимы ББ даму жоспарын қалыптастыру мен тұрақты тұрде қайта қараудың және оны іске асыруданғы мониторинг жүйесінің тетіктерін анықтауы тиіс			+	
6	ТжКБ үйимы ББ-ны жүзеге асыру туралы ақпаратты жүйелі тұрде жинақтайтын және талдайды, барлық бағыттар бойынша өзін-өзі бағалау жүргізеді, ББ даму жоспарын құрастырып, қайта қарастырады				+
7	ББ даму жоспары барлық мұдделі жақтар өкілдерінің катысуымен ашық талқылаудан өтіп, берілген үсіністар мен түзетулер негізінде ТжКБ үйимының өкілетті алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді			+	
8	ТжКБ үйимы ББ қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттікті табыстау, шектеу және дербестік қағидаларының іске асыру дәрежесін көрсетеді		+		
9	ББ-ны басқару:				

9.1	үдеріс арқылы қызметті (іс-әрекетті) басқаруды		+		
9.2	жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту тетіктерін		+		
9.3	мониторингті, соның ішінде жоспарларды жүзеге асыру мен қызмет ету динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін есеп беру үдерістерін құру			+	
9.4	өзгерістердің тиімділігін талдауды			+	
9.5	бөлімшелер қызметінің нәтижелігі мен тиімділігін және олардың өзара қарым-қатынастарын бағалауды қамтуы тиіс			+	
10	ТЖКБ үйымында білім беру бағдарламасының іске асыру регламентін белгілейтін барлық негізгі бизнес-үдерістер құжаттандырылуы қажет		+		
11	ТЖКБ үйымы бизнес-үдерістердегі жауаптыларды нақты анықтағанын, ББ іске асыру барысында қатысатын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бір мағыналы түрде белгенин, алқалы органдар қызметін ажыратқанын көрсетуі тиіс		+		
12	ТЖКБ үйымы осы үдерістің регламентін белгілейтін құжаттар мен білім беру бағдарламалардың мониторингін және мезгілдік пікір беруін (қайта қарau) бекіту тәртібін көрсетуі керек		+		
13	ТЖКБ үйымы білім алушыларға, қызметкерлерге, мүдделі тұлғаларға бағытталған хабарландыру мен кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
14	ББ басшылығы ББ-ның сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты қызмет етуін көрсетуі керек, оның ішінде жобалау, басқару және мониторинг, олардың жақсаруы, фактілер негізінде шешімдерді қабылдау кіреді		+		
15	ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығын дәлелдей көрсетуі міндетті		+		
16	ТЖКБ үйымы ББ басқару үдерістерінде статистиканы жинақтау және талдау жүйесінің бар болуын және қарқынды қолдануын дәлелдей көрсетуі міндетті		+		
17	ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеуді қамтамасыз етіп, өлшем үдерістері аясында табылған кемшіліктерді жойғанын көрсетуі міндетті		+		
18	ББ басшылығы білім алушыларға, оқытушыларға, ата-аналарға қолжетімдігі мен ашықтығын дәлелдей көрсетуі міндетті		+		
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>5</b>	<b>12</b>	<b>5</b>	<b>0</b>

**Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»**

**Бағалау өлшемдері: ББ мазмұны**

19	ТЖКБ үйымы білімді, икемділікті, дағдыларды, базалық және кәсіптік құзыреттілігін, жеке сапаларды қосатын білім беру бағдарламасы түлектерінің әзірленген үлгілерінің (моделдерінің) бар болуын көрсетуі керек		+		
----	--	--	---	--	--

20	ТЖКБ үйымы білім беру бағдарламасын әзірлеуде және олардың сапасын қамтамасыз етуінде педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуге міндетт	+		
21	ТЖКБ үйымы оқу пәндерінің өзара байланыс қисынын, көлемін және мазмұнын анықтауы, сондай-ақ, түлектердің базалық және кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасуына пәндер мен кәсіби тәжірибелік-бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тәпеп-теңдіктің бар болуын көрсетуі керек	+		
22	ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контексттің бар болуын көрсетуі керек	+		
23	ББ басшылығы теориялық және тәжірибелік-бағытталған пәндердің арасындағы тиімді тәпеп-теңдіктің бар болуын көрсетуі керек	+		
24	Пәндердің тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болу тиіс. Пәндер оқытылып жатқан саладағы әлемдік құн тәртібіндегі барлық сұраптарға, мәселелерге толық жауап беруі керек	+		
25	Оқу бағдарламасының құрылымында білім алушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай базалық және кәсіптік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік тудыратын түрлі қызыметтердің мазмұндары ескерілу керек	+		
26	Жұмыс берушілердің мұдделерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын жаңарту маңызды фактор болып табылады			+

#### Бағалау өлшемдері: ББ дараландыру

27	ББ басшылығы оқу тіліне қарамай, білім алушыларға тен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет	+		
28	ББ басшылығы білім беру үдерісінің мәселелеріне қатысты білім алушыларға кеңес беру және жекелеген көмек көрсету жүйесінің бар болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет	+		
29	Басшылық ББ тиімді менгеруге жағдай жасайды		+	
30	ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушылардың артықшылықтарын, жеке ерекшеліктерін, қажеттіктері мен мәдени тәжірибесін қолдануын көрсетуі керек		+	
31	ББ басшылығы ББ-ны іске асыру барысында білім алушыларға жекелеген қолдау беретінін көрсетуі керек	+		
32	ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктерін мониторингтен еткізу жүйесінің болуын дәлелдеуі тиіс	+		

#### Бағалау өлшемдері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау

33	ББ басшылығы білім алушылардың пәнди оқу барысында ие болған білімін, дағдылары мен қасиеттерін объективті, нақты, толық бағалау тетігінің бар болуын және тиімді қызымет жасауын қамтамасыз етуі қажет		+	
34	ББ басшылығы білім деңгейін бағалаудың және білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттілігінің қалыптасу дәрежесінің әділдігін, олардың бағалау тетіктері мен құралдарының баламалығын және ашықтығын қамтасыз етуі қажет	+		

35	ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне және бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс	+			
36	ББ басшылығы оқу пәндерін зерттеу мен курс бойынша оқытудың басында білім алушылардың білімін, дағдыларын диагностикадан өткізуі тиіс	+			
37	Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері мен үдерісі ашық болуы керек	+			
38	ББ басшылығы білім алушыларда келесі білім беру деңгейлерінде оқуларын жалғастыру үшін қажет дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс	+			

**Бағалау өлшемдері: оқу әдістемесі**

39	ББ басшылығы жүйелі дамытуды, оқытудың белсенді әдістері мен сабак берудің инновациялық әдістерін енгізуі мен тиімділігін қамтамасыз етуі керек	+			
40	ББ-ны іске асыру барысында білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізуі тиіс	+			
41	ББ басшылығы білім алушыларға мамандық/біліктілік бойынша тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етіп, тәжірибеден өту орындарына және жұмыс берушілерге қатысты білім алушылар мен кәсіпорын басшыларының қанағаттанушылық мониторингін өткізуі	+			
42	ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерінің нәтижелерін енгізуі қамтамасыз етуі керек	+			
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>10</b>	<b>13</b>	<b>1</b>	<b>0</b>

**Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»**

43	ББ басшылығы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іскерлерді тартып, олармен оқылатын пәндердің улесін анықтау керек			+	
44	ББ басшылығы білім беру үдерісінде инновацияларды үнемі қолданылуын педагогикалық ұжымға ынталандыруы тиіс		+		
45	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның кадрлық әлеуетінін білім беру бағдарламасының стратегиясы мен ерекшелігіне сәйкестігін көрсетуі керек	+			
46	ББ басшылығы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімдігін көрсетуі керек	+			
47	ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар құзыреттілігін жүйелі түрде бағалауды, сабак беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі керек	+			
48	Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрлерінің педагогтармен орындалуының дәлелін көрсетуі керек	+			
49	ББ басшылығы жас педагогарды дамытуы бойынша мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек	+			

50	ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің кәсіптік және жеке дамытуды ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек		+		
51	ББ басшылығы педагогикалық ұжым қанагаттанушылығының мониторингін қамтамасыз етуі керек		+		
52	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның АТ-құзыреттілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек		+		
53	Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады		+		
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>6</b>	<b>4</b>	<b>1</b>	<b>0</b>

**Стандарт «Білім алушылар»**

54	ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек		+		
55	ББ басшылығы оқу нәтижелеріне сүйене отырып білім алушылардың негізгі рөлдерін (кәсіптік, әлеуметтік) жақсы үғынуын көрсетуі керек		+		
56	Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың өз саласында кәсіби мамандану (сертификация) мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады			+	
57	Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламалардың бар болуы маңызды фактор болып табылады		+		
58	ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыста болуға барынша күш салуы керек		+		
59	Түлектердің кәсіптік қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады		+		
60	ББ басшылығы білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өзін-өзі оқытуға белсенді түрде ынталандыруы керек		+		
61	ББ басшылығы білім алушыларға өз ойларын білдіріп, пікір алмасуғы мүмкіндік беруі тиіс		+		
62	ББ басшылығы білім алушылардың жалпы ТжКБ ұйымының қызметімен және жекелеген қызмет түрлерімен қанагаттанушылығын мониторингтен откізу тетігін жасауы тиіс		+		
63	ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек		+		
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>6</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>0</b>

**Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды қолданылатын ресурстар»**

64	ББ басшылығы білім алушылар үшін оқытылатын пәндер бойынша жіктелген, ұйымдастырылған ақпараттың барынша мүмкін мөлшерінің қолжетімдігін, соның ішінде презентация материалдары, дәрістердің конспектісі, міндетті және қосымша әдебиеттерді, практикалық тапсырмаларды және т.б. қамтамасыз етуі қажет		+		
----	---	--	---	--	--

65	Оқу бағдарламаларын меңгеру мақсатында қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдары тиісті салада қолданылатын жабдықтарға үқсас болып, пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс		+	
66	ТжКБ үйімі білім алушылардың базалық және кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыратын және жеке қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін ескеретін оқу ортасын жасайды		+	
67	ТжКБ үйімі өндірістік қызметке білім алушыларды тартып, әртүрлі байқауларда педагогикалық ұжым мен білім алушылардың қатысуын қамтамассыз етіп, шеберханаларды дамыту үшін жағдай жасауды керек		+	
68	ТжКБ үйімі ББ материалдық-техникалық ресурстар мен ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудың динамикасын бағалауды керек	+		
69	ТжКБ үйімінда:			
69.1	білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес педагогикалық ұжым мен білім алушыларды технологиялық қолдайтын		+	
69.2	академиялық қолжетімдік – білім алушылар дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алғатын		+	
69.3	академиялық қенестер – білім алушыларға көмектесетін дербестендірілген білім беру ресурстары бар	+		
69.4	кәсіптік бағдар – білім алушыларға мансап бағыттарын тандауда және оларға жету жолында көмек беретін дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алғатын	+		
69.5	санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптарға сәйкестелген заманауи техникалық оқыту құралдармен жабдықталған қажетті дәрісханалардың саны бар	+		
69.6	компьютер сыныптарының, оқу залдарының, мультимедиялық және лингафон кабинеттерінің қажетті саны, олардағы отыратын орындардың саны жеткілікті болатын	+		
69.7	кітаптар коры, соның ішінде қағаз және электронды тасымалдағыштарда оқу және әдістемелік әдебиеттердің коры, оқыту тілдері аясындағы мерзімдік басылымдары бар	+		
69.8	білім беретін интернет-ресурстарына еркін кіре алатын оқыту ортасы жасалуды тиіс			+
70	ББ басшылығы оқыту үдерісіне ақпараттық технологиялардың енгізу дәрежесін анықтап, педагогикалық ұжым мүшесері оқытуудың инновациялық технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде, өндіу және қолдану мониторингісін өткізуі керек		+	
71	ББ басшылығы ББ-ны сипаттайтын ақпараттың веб-ресурсста көрініс табуын көрсетуі керек	+		
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>3</b>	<b>10</b>	<b>2</b>
				<b>0</b>

<b>«Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»</b>					
<b>Білім беру</b>					
72	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (денгей бойынша)», «Бастапқы білім беру» және т.б. сияқты «Білім беру» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				
72.1	білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама түлектерінде психология және байланыс саласындағы дағдыларының, тұлға мен мінез-құлықты талдау, шиеленістерді шешу мен алдын алу әдістемесі, білім алушылардың үәждемесі бойынша теориялық білімдерінің болуын көрсетуі тиіс				
72.2	білім беру бағдарламасының басшылығы білім беру саласында талаптарына сәйкес ақпараттық технология саласында, ақпартаттық-коммуникациялық технологияларды білім беру ұйымында кеңінен қолдануы бойынша бағдарлама түлектерінің сауаттылығын көрсетуі тиіс				
72.3	білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама құрамында оқыту үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың инновациялық әдістемесі мен оқытуды жоспарлауды, соның ішінде оқытудың интерактивтік әдістерін үйрететін пәндердің болуын көрсетуі тиіс;				
72.4	білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың өз бетімен оқуға икемділігінің бар екенін көрсетуі тиіс				
72.5	білім беру бағдарламасының басшылығы қандай мамандықтар (біліктіліктер) мен дағылар жекелеген мамандықтар шеңберінде нарықта сұранысқа ие екенін, оқытулатын мамандық бойынша шамамен қанша маман нарықта сұранысқа ие екені жөнінде фактілер мен талдауға негізделген айқын түсінігі бар екенін көрсетуі тиіс және оқуды бітіргеннен кейін алғашқы жарты жыл ішінде түлектердің көп бөлігі мамандық (біліктілік) бойынша сәтті жұмысқа орналасу мысалдарын көлтіруі тиіс				
<b>Әлеуметтік ғылымдар, қызмет көрсету, экономика, бизнес және құқық</b>					
73	«Құқық корғау қызметі», «Патент жүргізуши», «Аударма ісі (денгей бойынша)», «Туризм (денгей бойынша)», «Тамактануды ұйымдастыру», «Әлеуметтік жұмыс», «Маркетинг (денгей бойынша)», «Каржы (денгей бойынша)» және т.б. сияқты «Қызмет көрсету, экономика және басқару» және «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс: білім беру бағдарламасының басшылығы білім алушылардың мамандану саласындағы ең өзекті және қазіргі заманғы қағаз (газеттер, статистикалық мәліметтердің жинақтары, оқулықтар) және электронды тасымалдағыштардағы мәліметтерге (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер) қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс				
74	«Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» және «Құқық» бағыттары бойынша білім беру бағдарламасы сонымен қатар келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				

74.1	білім беру бағдарламасының мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие нақты дағдыларды иеленуіне бағытталуы тиіс	+			
74.2	білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама түлектерінде аталған дағдылар бар екенін және осы дағдылар нарықта шынымен сұранысқа ие екенін көрсетуі тиіс	+			
74.3	білім беру бағдарламасы білім алушылардың өндірістік тәжірибеден, кәсіпорындарда оқытудан өту, шұғылданушы маманның шебер-класстары мен дәрістеріне катысу және т.б. сияқты теориялық білімді практикалық тәжірибеде қолдануға бағытталған пәндер мен іс-шаралардың елеулі санын өз құрамына қосуы тиіс	+			

#### Жаратылыс және техникалық ғылымдар

75	«Металлургия және машина жасау», «Байланыс, телекоммуникациялар мен ақпараттық технологиялар», «Өндіріс, монтаж, пайдалану және жөндеу (сала бойынша)» және т.б. сияқты техникалық бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				
75.1	білім алушыларды мамандану саласындағы өзекті мәселелермен және кәсіби ортамен таныстыру мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде дағдыларды менгеру үшін білім беру бағдарламасы жалпы мамандық бойынша және бейінді пәндер бойынша дағдылар мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды өз құрамына қосуы тиіс, соның ішінде:				
75.1.1	мамандану саласындағы кәсіпорындарға саяхат (зауыттар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т.б.),				
75.1.2	мамандану кәсіпорында жеке сабактар немесе толық пәндерді өткізу				
75.1.3	мамандану саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік тапсырмаларды шешүге арналған тәжірибелік сабактарды өткізу мақсатында шеберханаларды қолдану және т.б.				
75.2	ББ-ға тартылған педагогикалық ұжымның құрамында ББ-ның мамандану саласындағы кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар іскерлер болуы тиіс				

#### Өнер

76	«Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем шығармашылық (сала бойынша)», «Аспапта орындаушылық және музикалық эстрада өнері (профилі бойынша)», «Кескіндеу, мүсіндеу және графика (түрлөрі бойынша)», «Музыка теориясы» және т.б. сияқты «Өнер және мәдениет» бағытындағы білім беретін бағдарламалар келесі талаптарға жауап беруі тиіс:				
76.1	ББ басшылығы бағдарламаның түлектерінде өнер саласында теориялық білімдердің және шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету дағдыларының, сондай-ақ жабыстыру, сыйзу, ән салу және т.б. бар болуын көрсетуі керек				
76.2	ББ басшылығы білім алушылардың өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамыту дағдыларын, өнер саласындағы қызметке қабілеттілігін көрсетуі керек				

76.3	ББ аясында білім алушыларға жеке немесе шағын топтарда оқытылатын пәндер мен шаралардың барынша мүмкін санын қосуы керек (мысалы, мамандану саласында еңбегі сінірғен қайраткерлердің шебер-класстарын өткізу)			
76.4	ББ басшылығы білім алушыларға өздерінің шығармашылық дағдыларын көрсетуге мүмкіншілік тұгызыатын шаралардың барынша мүмкін санын ұйымдастыруы керек, мысалы, концерттер мен көрмелер			
76.5	ББ мамандыққа тән түрлі қызметтердің шығармашылық тәжірибесін байытуға мүмкіндік беруі керек			
76.6	білім алушыларды мамандану саласындағы өзекті мәселелермен және кәсіби оргамен таныстыру мақсатында, сонымен қатар теориялық дайындық негізінде дағдыларды менгеру үшін ББ жалпы мамандық бойынша және бейінді пәндер бойынша дағдылар мен практикалық тәжірибе алуға бағытталған пәндер мен іс-шараларды өз құрамына қосуы тиіс, соның ішінде:			
76.6.1	мамандану саласындағы кәсіпорындарға саяхат (мұражайлар, театрлар, конструкторлық бюоролар және т.б.)			
76.6.2	мамандану кәсіпорында жеке сабактар немесе толық пәндерді өткізу			
76.6.3	мамандану саласындағы кәсіпорындар үшін өзекті тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған семинарлар өткізу және т.б.			
76.7	ББ аясында білім алушылардың шығармашылық емтихан жұмыстарын алқалы бағалау тетігінің бар болуы маңызды фактор болып табылады			
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>		<b>2</b>	<b>2</b>	<b>0</b>
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>32</b>	<b>44</b>	<b>10</b>
				<b>0</b>